

**MATERIALS
OF THE XIII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE**

SCIENCE WITHOUT BORDERS - 2018

March 30-April 7 , 2018

Volume 8

Political science

History

Law

Psychology and sociology

Philosophy

SHEFFIELD
SCIENCE AND EDUCATION LTD
2018

SCIENCE AND EDUCATION LTD

Registered in ENGLAND & WALES Registered Number: 09878342
OFFICE 2, VELOCITY TOWER, 10 ST. MARY'S GATE,
SHEFFIELD, S YORKSHIRE, ENGLAND, S1 4LR

Materials of the XIII International scientific and practical Conference
Science without borders - 2018 , March 30-April 7 , 2018 Political science.
History. Law. Psychology and sociology. Philosophy. : Sheffield. Science and
education LTD -80 p.

Editor: Michael Wilson

Manager: William Jones

Technical worker: Daniel Brown

Date signed for printing ,

For students, research workers.

Price 3 euro

ISBN 978-966-8736-05-6

© Authors , 2018

© SCIENCE AND EDUCATION LTD, 2018

LAW

History of state and law

Тыныштық А. –Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, экономика және құқық факультеті, құқықтану мамандығы ІУ-курс студенті

Исибаева Е.И. –доцент, т.ғ.к. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, экономика және құқық факультеті, құқықтану мамандығы.

ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚ

Мемлекет әртүрлі экономикалық, саяси, идеологиялық, ұйымдастық, құқықтық әдістері мен тәсілдері арқылы басқарылады. Осының ішінде заңдылық пен құқықтық тәртіп негізгі орынды алады, олсыз қоғам өмірі мен азаматтардың дұрыс өмір сүруі қамтамасыз етілмейді. Заңдылық адамдарды басқарудың ең ежелгі және өркениетті тәсілі [1,137-б]. Қазір ол барлық демократиялық елдерде, әлемдік қоғамдастықта жалпы қабылданған. Ертеден бері келе жатқан заңгер ғалымдар және бүтіндей қоғамның назарына заң ғылымы мен тәжірибесінің көптеген мәселелерінің ішінде құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселесі ерекше орын алады. Қоғам, мемлекет, азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделері қоғам өмірінің негізгі тұстарында тұрақтылық пен реттілікті талап етіп тұр. ҚР –ның қазіргі кездегі дамуында нақты және қатаң қоғамдық құқықтық тәртіп одан әрі ілгерілеудің жалғыз жолы болып тұр. Құқықтық мемлекет құру және оның өркениетті демократиялық дамуы онсыз мүмкін емес. Ресми тұлғалар мен баспасөздің баяндамаларында «Приоритет-құқықтық тәртіп» деп белгіленеді, ал ол үшін билік, нормашығармашылықта және мемлекеттік өмірдің басқа салаларында тәртіп қажет, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, мүдделерінің нақтылығы және барлық субъектілердің өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы, өзінің жүріс-тұрысы үшін жауапкершілікті жүзеге асыру, бұл демократиялық қоғамға сәйкес болып, тек осындай жағдайда ғана жүзеге асады. «Құқықтық тәртіп азаматтық қоғамның құқықтық негізін құрады. Оған оның барлық салалары негізделеді: әлеуметтік-мәдени, экономикалық және

саяси. Сәйкесінше ол барлық мемлекеттік нақтылықтың құқықтық негізі болады» дей келе құқықтық тәртіп пен заңдылықтың өзектілігі айқындалады [2,48-б]. Адамдар өмірінің маңызды жақтарының тұрақтылығы, тепе-теңділігі және өлшемділігі, кепілдігі және реттілігінің жағдайы құқықтық тәртіп пен заңдылықты зерттеудің өзектілігі болып тұр. Құқықтық тәртіп пен заңдылыққа деген көзқарастардың өзгеруімен және оның қалыптасуы мен қамтамасыз етілуімен сипатталады. Құқық әлеуметтік құбылыс ретінде адамдардың қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз қатынастарын көрсетеді [3,8-б]. Адамдар кез-келген қоғамдық қатынастарда құқықтық ойлау және түсініктері алуан түрлі болса, соған қарай құқықтық реттеу де әр түрлі үлгіде болады. Егер адамдар өткен құқыққа, қазіргі кездегі құқыққа және болашақтағы құқыққа деген көзқарастарын білдірсе, онда бұл қатынастар рациональды, ойға қонымды эмоцияға толы деңгейге көтеріледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 12 бабының 5 тармақшасында айтылып кеткендей қоғамдық имандылыққа нұсқан келмеуде құқықтық тәрбие маңыздылығына көңіл бөлуімізді талап етеді. Біздің зерттеуіміздің объектісі қоғамдағы тәрбиені реттеп отыратын қоғамдық қатынастар болып табылады. Негізгі мақсат құқықтық тәрбиенің ұғымы мен ерекше белгілерін түсіндіру болып табылады. Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, ел болашағы жастарымыздың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Қазақстандықтар үшін «Қазақстан -2050» Стратегиялық бағдарламасы алға қойған мақсатқа жетуде жоспарлы айқын жолды көрсетуші бағыттама болып отыр. Кешегі Елбасының 2014 жылғы халыққа жолдауы да осы бағыттама бойынша атқарар жұмыстардың тұжырымдамасы және тәжірибеде жүзеге асыруда халқымызды болашаққа апарар жолдың айқын бағыты. Елбасшысы жолдауында:... Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы-деп нақтылап бекіткен болатын. Мемлекет тарапынан құқықтық сауаттылықпен күрес және құқықтық тәрбие беруге көп көңіл бөлінеді, алайда бұл тұрғыдағы мәселені толық түрде шеше алды деп айта алмаймыз. Азаматтардың құқықтық білім алуда және құқықтық тәрбиені меңгеруіндегі мәселенің қалыс қалуының бір қыры ол құқықтық ой-өрістің кең таралуына қажетті тәжірибелік

механизмнің болмауын айтуға болады. Құқықтық тәрбие – бұл бір ұрпақтың өсіп келе жатқан болашақ ұрпаққа құқықтық мәдениет пен қоғамдағы шиеленісті шешу құқықтық әдістері мен идеяларын жеткізу болып табылады. Құқықтық тәрбие туралы ұғымды сөздің кең және тар мағынасында түсіндіруге болады. Құқықтық тәрбие адам өміріне тұлғалық құқықтық сананы сіңіре отырып мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған, жүйелі сана – сезімін қалыптастырады. Тәрбие сынағы өтіп, азаматтардың құқықтың мәдениетін жүйеге келтіреді. Құқықтық тәрбиені дұрыс ұйымдастыру үшін, ең алдымен, құқықтың тәрбиенің не екенін түсінген абзал. Айта кету керек, «құқықтық тәрбие» деген ұғымның ортақ термині жоқ. Біреулер құқықтық тәрбие деп құқықтық білімді түсінеді және бұл білімді оқытуды қажет деп қалыптастырады. Басқалар құқықтық тәрбие – құқыққа, заңға деген құрмет, сонымен қатар құқықтық нормаларды орындаудағы дағды деп түсінеді. Үшіншілер құқықтық тәрбиеде тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс – әрекетін болашақ ұрпақтың бойында белгілі бір көзқарасты, қажеттіліктер мен қызығушылықтарды, құнды бағдарлаулар мен тәртіптің қондырысын қалыптастырады. Сонда да құқықтық тәрбиені мазмұны құқықтық ағартушылық болатын тиімді және жан- жақты процесс ретінде қарастырған жөн. Бірақ, тәрбиешінің құқық, заң, құқықтық іс- әрекет жөніндегі білімін байыту ғана емес, сонымен қатар құқықтық нормаларға сай адамның өзі-өзі жетілдіруге арналған, тәрбиеленеуші тұлғаның сана- сезіміне әсер ету. Құқықтық тәрбиенің маңызды құрамды бөлігі – құқыққа, заңға деген сый-құрметті қалыптастыруды, оның құндылығын және сөзсіз орындалуының қажеттілігін түсіндіреді. Құқықтық тәрбиенің бұл жағының құқықтық мемлекетті қалыптастыру мақсатындағы өзектілігі құқыққа деген сый- құрметтік қарым-қатынас әр адамның бойындағы құнды қондырғысы болуында. Сухомлинский жазғандай: «Тәрбие тек жас жүректерді жалынды сезімдер жаулаған кезде ғана адамның тудырған жаратылысына айналады». «Отаншылдық» – қоғамның және мемлекеттің барлық өмірдің саласындағы ең бір маңызды, құнды дүниесі, ол тұлғаның рухани жетістігі болып табылады, оның ең жоғарғы даму деңгейін және елі үшін белсенді іс-әрекетін іспен көрсетуде байқалады. Сөздің кең мағынасында құқықтық тәрбиенің әсерінен гөрі адамға қоршаған ортаның тәрбиесі көбірек сол арқылы құқықтық қызмет атқарушы мемлекеттік органдар, лауазым иелері адамдарға құқықтық тәрбие беруге ұмтылмағанымен өзіндік әсері болады десек, сөздің тар мағынасында барлық

қоғамды тұтастай ала отырып адамдардың құқықтық мәдениетін жоғарылатуға тікелей бағытталуын көрсетеді. Құқықтық тәрбие құқықтық білім берумен өте тығыз байланыста, яғни тәрбие білімсіз болмайды, ал білім беру міндетті түрде тәрбиелеуге әсерін тиімді етеді. Бұл жерде әсер ету шеңберін бірнеше айырмашылықтар арқылы айта кеткен жөн, онда тәрбие- адамдардың эмоциональдық-еркін, ой-өрісін, дүниетанымдық және бағалайалышылығын көрсетсе, ал білім беру- адамға ақпараттық-танымдық мақсатта әсерін береді. Бұл құқықтық тәрбиенің қоғамдық санамен байланысын білдіреді. Құқықтық тәрбие дегеніміз мемлекеттік орган және қоғамдылықтың азаматтар мен лауазымды адамдардың құқықтық сана мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруды мақсат тұта отырып, бағыттаған қызметі. Құқықтық тәрбие – күрделі үрдіс, келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

тәрбие субъектілері (мемлекеттік органдар, мемлекеттік қызметкерлер, саясаткерлер, оқытушылар, журналистілер және т.б.);

тәрбие объектілері (азаматтар, еңбек ұжымдары, әлеуметтік топтар және т.б.);

тәрбие мазмұны (адамдардың заңды және саяси құндылықтарға, идеяларға, қағидаларға, ақпараттарға, тәжірибеге және т.б. қатынасының көрінісі);

тәрбие әдістері (сендіру, марапаттау, жазалау және тәрбие объектілеріне әсер ететін басқа да психолого-педагогикалық тәсілдер);

тәрбие үлгілері (формалары).

құқықтық білім беру (мектепте, арнайы орта және жоғары оқу орындарында құқықтық білімді меңгеру);

құқықтық үгіттеу (тұрғындар арасында теледидар, радио, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық идеялар мен құқықтық талаптарды таратуды көздейді);

заңды тәжірибе (алдымен құқыққолдану қызметі үрдісіне азаматтардың қатысуы арқылы заңды ақпараттар мен білімдерді таратуға ықпал етеді);

өзіндік тәрбиелеу (құқықтық құбылыстарды өзі талдаумен, өзіндік оқумен, жеке дағдысымен байланысты);

Құқықтық тәрбиені азаматтардың құқықтық ақпаратына ғана әкеп тіреуге болмайды. Бұл Конституция ережелері және қолданыстағы негізгі заңдар, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты өте терең үрдіс.

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу және түсіну, сонымен қоса, әрекеттің оларға сәйкес келуі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық санамен тығыз байланыста, соған әкеп тірейді. Бірақ ол құқықтық санаға қарағанда кең, немесе өзіне оның психологиялық және идеологиялық элементтерін ғана емес, заңды мәні бар мінез-құлықтарды да қамтиды[5]. Н.Ә.Назарбаев "Қазақстан - 2050" стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскер барлық қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы - құқықтың тәртіп әскері [4,14-б]. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі –білім алушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау -ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Құқықтық қоғам демократиялық принциптерге сүйене отырып, әр адамның шығармашылық күштерін, ниетін, ойын, сезімі, ұмтылысын толық және еркін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Демократияны жетілдіру мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді.

- заңдылықтарды үздіксіз жетілдіру;
- заңның орындалуын бекіту;
- қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азаматтың қатынасуы;

Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойнында болу қажеттігі шығады. Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан да құқықтық тәрбиені адамгершілік тәрбиесі теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастырамыз. Қоғамдық қайта құру кезеңінде құқықтың мәдениетті

қалыптастыру барысындағы кемшіліктерді жеңу орын алады. Құқық қоғам мен қоғамның өрбір мүшесінің бүкіл өмірін қамтып жатады. Құқықтық мәдениеті төмен дамыған адам тек заңның өрескел бұзылған жағдайында ғана оған зейін аударады да, құқықтық талаптарды мойындамаған көп жағдайларды байқамайды. Заңды білмеу-құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі [5, 6-б]. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде білім алушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет білім алушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді. Адамның құқықтық мәдениеті-күрделі психологиялық құбылыс. Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды салаларында көрінеді. Ең бастысы адамгершілікті адам тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайтын тәрбие құралдарының бірі - орынды тәртіп және мінез-құлық тәрбиесінің жоғары деңгейінде болуы. Сонымен адамның құқықтық мәдениеті дегеніміз - орынды тәртіп пен мінез-құлық, жан-жақты құқықтың білімдерімен заңды құрметтеу, құқықты қорғау іс-әрекетінің терең бірлігі. Саналы тәртіп пен мінез-құлықтарды құқықтың мәдениеттің іргетасы деп қарасақ, ол көркемөнер мәдениетімен қатынастар, сезімдер деңгейінде тікелей байланысады. Сезімдер әлемі эстетикалық қатынастарда негізгі рөл ойнайды. Әдебиет пен өнер бізге көркем бейнелерімен әсер етеді, оларды сезім арқылы қабылдаймыз. Өнердің көмегімен, әсіресе, әдебиет арқылы әлемді, қоғамдық қатынастарды танимыз. Құқықтың мәдениеттің осы екі деңгейіне көтерілген, яғни құқықтың білімді меңгерген, заңды құрметтейтін адам заңға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болады. Тек қана заңға сәйкес жүру дағдысы пайда болады. Мұны заңға мойынсұнушылық дейді. Бұл деңгейлік сатыда ішкі қозғаушы күш — адамның ұяты, ар-ожданы. Ұят, ар-ождан және сенімдер адамның мәдениеті тек қана заңға мойынсұну емес, заңды қорғау үшін тұрақты белсенді әрекетке қатысуға дайын тұру. Құқықты құрметтеу, әділдікті, борышты, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну - адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі. Жастарға құқықтық тәрбие беру - ол жастардың қоғамдық, саяси және мәдени жағынан өсіп-жетілуін, олардың санасында жоғары адамгершілік қағидаларының орнығуын, әлеуметтік белсенділігінің артуын және рухани жағынан бай, жан-жақты қалыптасуын көздейді [6,34-б]. Құқықтық тәрбие жалпыға бірдей заңдылықты белгілі мақсатпен және принциппен жүргізуді көздейді. Оның заңдылықтары мен мәнін

ұғыну үшін тек теорияға көңіл бөліп қана қоймай, оның саяси, еңбек, адамгершілік тәрбиемен бірлесе жүргізілуі қажеттіліктерін ескеру керек.

Құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуына, оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Бұл міндеттер оң шешімін табу үшін жеке адамның дамуы қалай өтетінін және қалыптасуына қандай жағдайлар ықпал ететінін білу қажет. Құқықтық білімнің жастардың санасын қалыптастырудағы орны ерекше. Сондықтан да олар құқықтық ақпараттармен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыдан келіп заңдылықты сезіну құқықтық мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес. Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында да оқытушылар қауымынан құқықтық тәрбиені зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді. Құқықтың тәрбиені заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озық тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәрбие жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажет. Қорыта келгенде құқықтық тәрбие-бұл әлемдік және ұлттық құқықтық мәдениеттің құндылығын көрсететін құқықтық идеяларды қалыптастыруға бағытталған қағидалар мен нормалардың жүйесі. Құқықтық тәрбиенің мақсаты жоғарғы құқықтық мәдениет ретінде қарастырылатын жеке тұлғаның бойында әлеуметтік міндеттермен нақтылана түсетін, қажетті құқықтық тәртіп пен құқықтық сана және құқықтық білім арқылы қамтамасыз етілген сапалы тұрақтанған қасиеттер мен әдетке айналатын тәртіпті жетілдіру болып табылады. Мемлекет заңдарына деген жоғары жауапкершілік пен құрметті қалыптастыру да құқықтық тәрбиенің басты бағыттарының бір тармағы. Құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет. Құқықтық тәртіп азаматтық қоғамның құқықтық негізін құрады [7, 132-б]. Оған оның барлық салалары негізделеді: әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси. Сәйкесінше ол барлық мемлекеттік нақтылықтың құқықтық негізі болады. Сондай-ақ, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының негізі де осы құқықтық білім беру мен

құқықтық тәрбиенің механизмін ұтымды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы шеберліктен басталады. Ол өз кезегінде мемлекетіміздің ірге тасының беріктігі үшін өте маңызды болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баймаханов М.Т Проблема этатизма и ориентация на преимущественное использование правовых ценностей// Правовая реформа в казахстане, 2008, №3,8б.
2. Өзбекұлы С.,Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы – Алматы: Жеті жарғы 2014 ж.
3. Серебряков С.Л Цивилизованные основы формирования гражданского общества в России// социально – политический журнал, 2008, №2, 101 б.
4. Манов Г.Н. Правовое государство и глобальные проблемы современности// Гражданское общество и государство: предпосылки формирования. – М., 2010,12 – 17б.
5. Сырых В.Т Основы конституционного строя// Право и экономика, 2010, №9-10,6б.
6. Колбанова В.В Основные функций гражданского общества / Проблемы формирования гражданского общества.-М., 2009, 25 – 40 б.
7. Котов А.К суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ – Алматы, 2008,137 с.

Баймурат А. –Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, экономика және құқық факультеті, құқықтану мамандығы ІУ-курс студенті

ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚ

Заң алдындағы жауаптылық тек құқық бұзушылық орын алған жағдайда ғана туындайды. Мемлекеттің құқық бұзушыны жауапқа тартуға хахысы бар, ал құқық бұзушы мемлекеттің мәжбүрлеу шарасын мойындауы тиіс. Жауапқа тартылушы тұлға, мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы тек қана құқық бұзушылықтың бар екендігі анықталғанда және ол заңға сай келсе ғана мойынсұнуға құқылы. Жауапқа тартылушы адам, өзін заңсыз түрде жауапқа тартудан қорғауға етуге құқылы [1,21].

Заң алдындағы жауаптылық бірнеше түрге бөлінеді – қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртепсіздік және материалдық жауаптылық. Құқық бұзып, кінәлі болған субъектіге мемлекет өзінің мәжбүрлеу шараларын қолданады. Ол бойынша кінәлі субъектінің жеке өз басы мүліктік шектеуге ұшырайды немесе ұйымдық сипаттағы қысым мен шектеуге түседі.

Ал, құқық бұзушылық дегеніміз – құқықтық талаптарды бұзудағы немесе оларды орындамау барысындағы әрекет (әрекеттіліктер немесе әрекетсіздік).

Адамдардың қандай да әрекеттері (әрекеттіліктері немесе әрекетсіздік-

тері) қоғамға қауіп тудырған немесе туындататын болса, ондай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық деп бағаланады.

Адамның әрекеті (әрекеттілігі немесе әрекетсіздігі) қоғамға қауіпті болмаса, онда мұндай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық қатарына жатқызылмайды. Әрекеттің (әрекеттілік немесе әрекетсіздіктің) қоғамға қауіптілігі ұғымы екі сәттен тұрады, олар: зиянның болуы және қоғам тарапынан бағалануы. Құқық бұзушылық дегеніміз, адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соңы заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Қазақ еліміз өз тізгінін өз қолына алғаннан бері нарықтық қатынастарға байланысты жаңадан көптеген заңдар қабылданып, іс жүзінде асырыл жатқаны баршамызға белгілі. Ал, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат құндылықтар болып табылатындығы туралы идея ұзақ уақыттар бойы айтылып келеді және бекітілді. Бұл бүкіл дүниежүзілік құбылыс ретінде Қазақстанда орын алды. Адамның, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық -құқықтық актілердің екінші тобы Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бекітудің жаңа кезеңінің басы- БҰҰ – ның Жарғысы. Бұл құжаттарда мемлекеттерді өзінің аумағындағы барлық адамдарды ешқандай кемсітусіз негізгі құқықтар және бостандықтармен қамтамасыз етуге міндеттеген . 1948 жылы БҰҰ – ның Бас Ассамблеясында «Адам құқықтарының жалпы Декларациясы» қабылданды . Бұл акті қазіргі кезге дейін дүниежүзіндегі барлық елдер үшін құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету ісіндегі бағдар болып табылады .

Қазақстан Республикасы Конституциясы адамдардың құқықтары туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен ережелерін қабылдады және оларды мемлекеттің ерекшеліктерін ескере отырып бекітті. Заңды жауаптылық – құқық бұзушылыққа барған жағдайда оны жасаған адамның мемлекеттік мәжбүрлеу шараларына тартылуының қажеттілігі [2,246].Бұл құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға заңмен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану. Шаралар мынадай сипатта болуы мүмкін: жеке сипаттағы шаралар, бас бостандығынан айыру, мүліктік сипаттағы шаралар айыппұл.

Заңды жауаптылық мағынасы мен мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау болып табылады. Заңды жауаптылық міндеттері осыдан туындайды. Біріншіден, құқық бұзушылыққа кінәліні жазалау. Екіншіден құқықты қалпына келтіру және келтірілген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу. Үшіншіден, құқықты санада заңды мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де, құқық қатынастарының басқа субъектілерінің де жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Құқық бұзушылықтардың түрлеріне қарай заңдық жауапкершілік былай жіктеледі:

Қылмыстық тек қана қылмыс үшін және қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңдарына сәйкес соттың үкімі бойынша ғана қолданылатын ең қатаң түрі;

әкімшілік яғни әкімшілік теріс қылық жасағаны үшін қызмет міндеттерін орындаумен байланысы жоқ түрі;

азаматтық шарттық міндеттемелерді бұзудан туындайтын түрі;

тәртіптік, тәртіптік билігі бар лауазымды адамдардың тәртіптік теріс қылық үшін қолданылатын түрі.

Тәртіптік жауапкершілік ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес, бағыныштылық тәртібімен кейбір салаларда қолданылатын тәртіптік жарғылар мен ережелерге сәйкес пайда болуы мүмкін.

материалдық, еңбек міндеттерін орындау кезінде ұйымға келтірген залал үшін болатын түрі.

Заңды жауаптылық әр түрінің өзіне тән мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары бар[3,32]. Оларды мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларымен шатастырмаған жөн, ал оларға: құқық бұзушыны жауапқа тартпай-ақ, бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін қолданылатын қорғау шаралары; құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында, яғни ол жасалғанға немесе аяқталғанға дейін нормальды түрде және демек, жаза ретінде емес, сақтық ретінде қолданылатын тыю шаралары туралы (тілхат, ұстау және т.б.) мәжбүрлеу жасағаны үшін кәмелетке толмаған алдын алу сипатындағы шаралар (карантин, дүлей зілзалалар немесе бұқаралық шаралар жағдайындағы жүріп-тұру еркіндігін шектеу.) қоғамға қауіпті әрекеттер жасағаны үшін кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал жасаудың мәжбүрлеу шаралары немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (ақыл есі кемістерге, алкогольдіктерге, нашакорларға, жезөкшелерге және айналасындағылар үшін ерекше қауіпті аурулар жұқтырғандарға.) Меншік иесінің оның мүлкін, оның құнын тең етіп өтеп, мемлекеттік мұқтаждар үшін мәжбүрлеп иеліктен айыру ретіндегі *реквизициялау* жатады.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің жиынтық әрекеті қоғамда және мемлекетте құқықтың билік құратындығы, оның үстемдігі, приоритеті, басымдық жағдайы қабылданған дегенге алып келеді. Бұл жақсы да, өйткені құқық- адамзат өркениетінің көрнекті жетістігі, реттеудің жинақталған

әлеуметтік тәжірибесінің квинтэссенциясы, басқару және ықпал ету, әділеттіліктің жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен мұраттарды, демократия мен тәртіпті жүзеге асырудың нысаны, мәдениеттің қажетті компоненті[4,32]. Құқықтық қоғам өміріндегі ролін және оның не үшін арналғанын терең түсініп, соған іс – қимыл жасайтын мемлекеттік құқықтық мемлекеттің қатарына жатқызуға болады. Заңды жауаптылық түрлерін оның жүзеге асырылу тәртібін, нысанымен шатастырмау керек. Заңды жауаптылық түрлі нысанда жүзеге асуы мүмкін. Мәселен, азаматтық құқықтық жауаптылық соттық, әкімшілік тәртіпте жүзеге асырылады. Ал жауаптылықтың кейбір түрлері, мәселен, қылмыстық тек соттық тәртіпте іске асады.

Мәжбүрлі қажеттілік жағдайда келтірілген зиян заңды деп танылады:

— Егер төнген қауіптен сол сәтте қорғайтын мүддеге зиян келтірмей бетін қайтаруға болмаса.

— Егер келтірілген зиян бетін қайтарған зияннан әлдеқайда кем болса (үлкен үйді, өрттен сақтап қалу үшін жанып жатқан төбесін қирату, жараланған адамды жедел емханаға жеткізу үшін біреудің көлігін рұқсатсызайдап кету т.с.с).

Әдетте жасалған құқық бұзушылыққа байланысты жауапкершіліктітағайындау барысында істелген әрекеттің түрі, ауырлығы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Ағдарбеков. «Мемлекет және құқық теориясы». Алматы. «НАС» баспасы. 2003 жыл.-326 б.
2. В.Н. Хропанюк. Теория государства и права. Москва. Интерстиль, 2003 г. -377 с.
3. Е. Жалбуров. «Заң алдындағы жауаптылық және оның жіктелуінің кейбір мәселелері. «Тураби»№6-2007. 30-32 б.
4. С.А. Табанов. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері. Алматы. «Айдана» 2001 жыл. -272 б.

Ахметов А.С.

*доктор Ph.D, ассоциированный профессор (доцент)
(ПГПУ, Республика Казахстан, г.Павлодар)*

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Вопрос о формировании правовой культуры современного общества рассматривается в прямой связи с развитием общечеловеческой культуры. Общий уровень культуры любого общества, определяется материальными и духовными успехами и достижениями людей, результаты которых в совокупности определяют уровень прогресса в развитии государства. В этой динамике развития общего уровня культуры, важное значение имеет правовая культура, которая показывает насколько развита государственно-правовая организация жизни каждого индивида и общества в целом. Высокий показатель правовой культуры является одним из основных признаков правового государства и развитого гражданского общества. В нашем государстве ведется активная работа в области повышения уровня правовой культуры населения, искоренение правового нигилизма и борьбы с коррупционными проявлениями.

Правовая культура охватывает в настоящее время все сферы жизни общества. Она фиксирует уровень правовых знаний людей, критерии оценки поступков с точки зрения их противоправности, включает в себя систему правовых ценностей, убеждений, норм, традиций, а также правотворческую и правоприменительную деятельность. Продуктом правовой культуры являются, прежде всего, правовые документы, фиксирующие сложившиеся нормы права; организации, вырабатывающие и контролирующие исполнение правовых норм, а также учреждения, осуществляющие карательную функцию [1, с. 69].

В настоящее время существует масса проблем в процессе формирования правовой культуры. Это, в первую очередь правовая безграмотность населения, сложный процесс правотворчества, нередкое противоречие нормативно-правовых актов реальной действительности, а также не развитая идеология сильного правового государства и, как следствие, правовой нигилизм, отрицание нравственных принципов. Для разрешения этих и других проблем необходимо

целенаправленная политика государства на повышения уровня правовой культуры общества через процессы правотворчества, законодательного процесса, а также средств массовой информации, художественной литературы, кино и искусство. [2, с.243].

Изучение правовой культуры напрямую зависит от имеющихся научных исследований данного понятия. На сегодняшний день существует множество определений и подходов отечественных и зарубежных ученых, суть которых сводится к попытке раскрытия сущности и природы этого феномена.

Например, по мнению известного отечественного ученого-юриста Ибраевой А.С. «...правовая культура есть совокупность положительных явлений в правовой жизни общества, а также степень усвоения обществом правовых ценностей» [3, с. 7].

Мы согласны с мнением ученого, что работу с населением по повышению уровня правовой культуры необходимо начинать, прежде всего, на уровне местных исполнительных органов власти. Это будет носить действительно практический характер. Существующие государственные программы и концепции в основном разрабатываются на республиканском уровне, что говорит о необходимости создания активизации этой работы на местном уровне.

Интересна позиция российского ученого, Гуляихина В.В., который считает, что «...правовая культура является весьма сложным и изменчивым явлением общественной жизни человека. Определение учеными его сущностных свойств происходит в рамках конкретной методологии, в «прокрустово ложе» которой не укладываются все ее «живые» компоненты. Поэтому на современном уровне эволюции теории правовой культуры ученые занимают, как правило, прагматичную позицию и довольствуются «рабочей» дефиницией, используемой ими в рамках либо какого-то конкретного исследования, либо в контексте определенного методологического подхода» [4].

В дополнение вышеназванной дефиниции, стоит отметить тот факт, что правовая культура также представляет собой определенный уровень правовой психологии, содержание которой основывается на обыденных правовых представлениях и эмоциях по отношению к правовым явлениям и процессам в обществе и государстве. Кроме того в изучении правовой культуры важно учитывать ее исторический характер, прямую взаимосвязь с социальной структурой общества.

Правовая культура есть социально-психологическое явление, представляющее ценность только в социально-неоднородном противоречивом обществе, где правовая культура сможет выступать в качестве правовых регуляторов жизнеобеспечения этого социума. [5, с. 258].

Правовая культура обладает сложной внутренней структурой и при этом в своем содержании имеет множество социально-политических связей. Этот не удивительно, т.к. являясь частью общей культуры общества, правовая культура показывает все перемены и деформации, которым подвержена в целом общечеловеческая культура общества. Стоит отметить тот факт, что правовая культура не только сводится просто к знанию законов, норм права каждым человеком, а показывает насколько успешно может реализовать себя индивид в правовом поле, насколько развита у него гражданская ответственность и гражданский долг перед государством.

Например, отечественный ученый Абсаттаров Г.Р. считает, что «...во-первых, правовая культура казахстанского народа - это исходные определяющие идеи, требования, установки, составляющие нравственно-социальную основу зрелости казахстанского общества; во-вторых, основным требованием к правовой культуре Республики Казахстан выступает повышение качества и уровня социально-правовой жизни общества и личности» [6, с. 189].

Формирование правовой культуры напрямую зависит от уровня правового образования в стране. Качество высшего юридического образования выступает показателем развитости всей правовой системы и готовности общества реализовывать себя в правовом поле, участвовать во всех процессах, происходящих в стране.

Исследовав малую часть существующих подходов к определению природы и сущности правовой культуры, становится очевидным, что формирование правовой культуры и ее развитие возможно только при решении следующих задач:

Необходимо обеспечить в основополагающих началах и принципах правовой системы государства необходимую ориентацию. Это означает деление принципов правовой системы на: отраслевые, межотраслевые, конституционные. Знание этих принципов позволяет индивиду понимать сущность и содержание права, формировать собственные правовые знания и убеждения.

Для расширения объема и повышения уровня правового поведения адресатов права необходимо создать определенную базу. Это нужно сделать для формирования социальной зрелости граждан и юридической грамотности, что

будет характеризовать их правовое поведение. А это в свою очередь будет предпосылкой для нормального функционирования государства с высоким уровнем правовой культуры.

Важное значение имеет подготовка высококвалифицированных юридических кадров, т.к. они являются «лицом» правовой системы, их деятельность напрямую связана с реализацией государственной правовой политики;

Высшее профессиональное образование должно отвечать международным стандартам. Образовательные программы юридических специальностей должны включать учебные курсы, изучение которых будет формировать профессиональные компетенции у выпускников юридических специальностей;

Научные исследования не должны ограничиваться теоретическими результатами. Важна их практическая реализация. Существующие научные достижения в области изучения и анализа правовой культуры необходимо использовать при разработке государственных программ, концепций и т.д.;

Необходимо обеспечить непосредственным носителям прав и обязанностей, условий борьбы за свои законные интересы. Это означает создание условий для исключения правовой пассивности, воспитание чувства законности и справедливости у каждого гражданина.

Необходимо проводить постоянную работу по профилактике правонарушений. Здесь важно вести борьбу с правовым нигилизмом, слабой информированности населения о существующих законах, вести постоянную работу над совершенствованием законодательства.

Необходимо проводить политику правовой активизации населения. Стабильность правопорядка в обществе напрямую зависит от активности и действенности каждого индивида с нарушениями законности.

Решение поставленных задач в области повышения правовой культуры основывается на разработке основных направлений повышения правовой культуры. Мы предлагаем следующие направления:

- 1) анализ и исследование таких понятий как «право» и «законность»;
- 2) постоянное совершенствование нормативно-правовой базы в области правовой политики;
- 3) развитие уровня правовой деятельности;

4) разработка и освоение достижений научных исследований в заданной области;

5) анализ, переработка и систематизация полученных результатов, определение новых целей и задач.

Таким образом, можно утверждать, что повысить уровень правовой культуры невозможно без комплексных мер со стороны государства, без создания условий при которых общество сможет реализовать свои права и свободы. Каждый индивид и общество в целом должны осознавать необходимость участвовать в социально-экономической, политической жизни государства, вносить вклад в развитие государства.

Литература

1. Афасижев Т.И., Зубова Я.В. Правовое образование и правовая культура: вопросы взаимодействия // Вестник Адыгейского государственного университета. - 2006. - №2. - С. 68-71.
2. Попов Д.Е. Правовое воспитание как средство формирования правовой культуры // Аналитика культурологии. - 2010. - №3. - С. 242-245.
3. Ибраева А.С., Оразалиева А.М., Дюсебалиева С.С. Роль правовой культуры в развитии местного самоуправления: опыт Республики Казахстан и Польши // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2015. - №2(74). - С. 5-10.
4. Гуляихин В.В. Правовая культура как объект научного исследования: методологические подходы, структура и критерии оценки [Электронный ресурс] - Режим доступа: <http://e-notabene.ru> - Загл. с экрана.
5. Галстян И.Ш., Лаута О.Н. К вопросу о правовой культуре молодежи // Ленинградский юридический журнал. - 2015. - №1 (39). - С. 257-264.
6. Абсаттаров Г.Р. Правовая культура: характеристики и специфика (на примере современного Казахстана) // Вестник РУДН, серия «Социология» - 2014. - №2. - С. 181-189.

The constitutional law

Шукенова Ж.С.

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің,
«Құқықтану»
кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі*

Жумашева А.

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Филология,
тарих және құқық» факультетінің 1 курс студенті*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Конституцияның мәні ретінде кең тараған трактовка – оның қоғамдық шарт ретінде танылуы. Ол бойынша қоғамның барлық мүшелері конституцияда орын алған шартқа қол қояды, онда осы қоғам қандай негіздерде құрылтайланатындығы, қандай ережелерге сүйеніп өмір сүретіндігі ашылады. Осы концепцияға (тұжырымға) сәйкес конституция – халықтың егемендігінің нысаны әрі оның біртұтас еркінің көрсетілуі болып табылады.

Демократиялық мемлекетте конституциялық құрлыстың түсінігіне адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің конституцияға сәйкес әрекет ету тәртібі жатқызылады.

Конституция – бұл күрделі құқықтық акті. Оның жүйесіне түрлі құқықтық актілер топтастырылған. Конституция – бұл декларативтік және нормативтік қағидалардың ғана жиынтығы емес, ол құқықтық қарым-қатынастың басты ережесі, олар құқықтық тәртіпті үздіксіз қалыптастыру және дамыту процесінде ұдайы қолданылуы және нақтылануы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясы - (constitutio – құрылғы, жарғы заң) – Қазақстан халқының егемендік құқығына сай 1995 жылғы 30 тамызда өткен республикалық референдумда қабылданып, оның нәтижесі ресми жарияланған осы жылдың 5 қыркүйегінен бастап күшіне енген Қазақстан мемлекетінің Ата Заңы. Оның жоғары заңдық күші бар және еліміздегі барлық іс-қимыл мен қалыптасушы жүйелердің нормативті базасы болып табылады, әрі Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Бейнелей айтсақ, бұл Конституция -мемлекетке

қоғамның құқықтық сенімі және халықтың берген төлқұжаты деуге болады. Қазақстан Республикасының Конституциясы республикалық құрылыстың негізін, мемлекеттік билік жүйесін және Қазақстан мемлекеті мен оның азаматының қатынасын белгілейді. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары Адам және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын деп сол үшін қызмет етуі тиістігін атап көрсетеді (1-баптың 1-тармағы) [1].

Демократиялық мемлекетті бекіту, мемлекеттік басқарудың демократиялық қағидалары конституциялық құрылыс негіздерінде орын алған, яғни мемлекеттік басқару істеріне халық тікелей немесе өздерінің өкілдері арқылы қатысады (бұл норма Қазақстан Республикасы Конституциясының 3 - ші бабының 2-ші тармағында бекітілген). Қазақстан азаматтары Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлауға тікелей қатыса алады, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін республикалық референдумда (мысалы, конституцияны қабылдау) дауыс беру арқылы шеше алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы соңғы жиырма үш жылда болып өткен сапалы өзгерістер оларға жаңаша ғылыми көзқарас тұрғысында баға беруді қажет етеді. Кез келген мемлекет үшін Негізгі Заңның маңызы зор. Ал, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, дербес, зайырлы жаңа қоғамдық құрылыстың негізін қалай бастаған жас Қазақстан мемлекеті үшін Негізгі Заңның қай бағытта, қандай мазмұнда жазылып, іске асырылуы тіпті де аса қажеттілік екені белгілі. Осындай қажеттіліктерді игеру мақсатында қолданыстағы Негізгі Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы конституциялық реформаның жүзеге асырылып келе жатқаны белгілі.

Оған дәлел: 1998 жыл 7 қазандағы өзгертулер мен толықтырулар 19 бапқа жасалды, онда алғаш рет Парламенттің төменгі палатасы 67 ден 77 ге көбейтілді, 10 депутат партиялық тізіммен сайланды, Президенттің өкілеттілігі 5 жылдан 7 жылға созылды.

2007 жыл 21 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулар, онда Конституцияның 56 бабына өзгерістер жасалды (алғаш рет ҚР Ассамблясы құрылды, ҚР Асамблясы Мәжілістің төменгі палатасына 9 депутат сайланды,

Президенттің өкілеттілігі 7 жылдан 5 жылға қысқартылды, Мәжіліс депутаттардың саны 77 ден 107 депутатқа көбейтілді).

2011 жыл 2 ақпандағы өзгертулер мен толықтырулар тек 1 бапқа ғана болды. (40 баптың 3 тармағына толықтырулар жасалды, Яғни Президенттің өкілеттігіне кезектен тыс сайлау қосылды).

2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар, онда 25 бапқа жасалды. Мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлінді.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформаның жүргізілу мен дамуын 6 кезеңге бөліп қарастыру қажет деп ұйғардық.

1-кезең (1990-1993 жж.) - Республиканың тәуелсіздік алуына байланысты – қайта құрудан тәуелсіз мемлекет құру жолы, яғни реформаның дайындық сатысы.

2-кезең (1993-1995 жж.) - 1993 жылғы Конституцияның қабылдануы.

3-кезең (1995 - 1998 жж.) Қазақстанның қазіргі даму бағдарын құру процесінің басталуы және 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы.

4-кезең (1998-2007 жж.) сот саласын демократиялық жетілдіру - Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1998 жылғы 7-қазандағы Заңның қабылдануы.

5-кезең 2007-2011 жылдардан басталған президенттік-парламенттік республика құру бағдарына өту кезеңі мен Қазақстан Республикасы Президентін тұңғыш рет кезектен тыс сайлау туралы және қазіргі кезеңге дейінгі аралықтар болып табылады.

6-кезең 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік-құқықтық дамуындағы маңызды қадам болды, яғни мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселері.

Әрине, заң ең алдымен қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеуші механизм ретінде пайда болып, қоғамдық тұрақтылықты сақтаушы міндетін атқарады. Әсіресе, қоғамдық қатынастарды демократияландыру арқылы құқықтық мемлекет құруға бет алған Қазақстан халқы үшін заңның маңызы күннен күнге арта бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж. 30 тамыз, өзгертулер мен толықтырулармен бірге 7 қазан 1998 жылғы, 21 мамыр 2007 жыл, 2011 жыл 2 ақпандағы ҚР Конституциясы 30.08.95ж 10.03.2017ж №254.
2. Интернет ресурс http://www.inform.kz/kz/konstituciyanyn-manimen-manyzy_a2785605
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1993ж. 28 қаңтар
4. 25 қазан 1990 жылғы "Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы".
5. 16 желтоқсан 1991 жылғы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заңы
6. 10 желтоқсан 1991 жылғы "Қазақ ССР-нің атауы өзгеруі туралы" заңы.

Шукенова Ж.С.

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің,
«Құқықтану»
кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі*

Данилова Д.Б.

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Филология,
тарих және құқық» факультетінің 1 курс студенті*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Жыл басында Елбасының халыққа жолдаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» – деген болатын. Әрбір елдің өткен тарихы, жүріп өткен жолы бар. Қазақстан Тәуелсіздік алғанға дейін қилы кезеңдерден өтті. Осыған дейінгі тарихқа көз жүгіртсек қазақ халқының тарихы үш мың жылдық тұңғыықтан бастау алады. Олай болса, біздің даламызда қалыптасқан заңдық қатынас мәселелелерінің де тамыры тереңде.

Осы уақытқа дейінгі қазақ халқының дәстүрлі әдеп – ғұрып нормалары «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның ескі жолы сияқты заң жүйесінің жетілдіруінен Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқының бір жүйеге келіп белгілі бір мемлекеттіктің орнауының жемісі еді.

Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді де тиімді шеше алды. Сондықтан болар, бұл заң ХХ ғасырдың басына дейін қолданылып келді.

Ал, ХХ ғасырдың басында саяси аренаға Алаш зиялылары келді. Олардың тәуелсіздікке деген талпынысы түрлі бастамаларға толы болды. Ел басына түскен қараңғылықтан қазақты алып шығуға деген ұмтылыс нәтижесінде қазақтың бірнеше ұрпағы ұмтылған азаттыққа қол жеткізді.

Қазіргі күні еліміздің өз Ата Заңы, Конституциясы, елтаңбасы мен өз шекарасы белгіленді. Өзге елдермен қабырғасы кең, терезесі тең елдер қатарына қосылдық. Бағыт-бағдарымыз айқын.

1991 жылғы 16 желтоқсан күні ҚР-ның «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Аталған конституциялық заңда алғаш тәуелсіздік жария етілді, сондай-ақ тәуелсіз мемлекетке сай территориялық оқшаулығы, бірыңғай азаматтық, өзіндік мемлекеттік органдар жүйесі, өзіндік экономикалық жүйе, қарулы күштері сынды элементтер бекітілді. Осылайша Қазақстан әлемдік қауымдастыққа өз алдына мемлекет ретінде енді. Бұдан кейін Конституциялық даму 1993 жылғы 28 қаңтарда жаңа Конституцияны қабылдаудан басталды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы бірқатар жаңа ережелерді де қамтыды. Мысалға алатын болсақ, бұл Конституцияда «зайырлы» және «унитарлы» ұғымдары қолданылды. Мемлекеттің зайырлы сипатта болуы діни бірлестіктердің мемлекеттен ажыратылғандығын білдірді. Діни ұйымдардың саяси мақсат міндеттерді көздеуіне тиым салынып, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың олардың әрекетіне заңсыз түрде араласуына жол берілмеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылым формасына қарай унитарлық мемлекет деп жарияланды, яғни мемлекет территориясында саяси, мәдени және т.б. автономияның құрылуына жол берілмеді.

Құқықтық жүйедегі барлық заңдар осы Конституцияға сәйкес қабылданбаса, бұл сәйкессіздік қоғамның дамуына кедергі келтіретіндігі анық. Құжатта кеткен кемшіліктер Алғашқы Конституцияны қолдана бастағаннан-ақ көзге түсті. Онда ескі қоғамның ережелері орын алып, олар кеңестік демократиялық қағидаларға негізделгендіктен, біздің жаңа қоғамымыздың өмір талабына жауап бере алмады. Алғашқы Конституцияда адамның құқықтары, бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, атқару билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген болып шықты.

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Декларацияда айтылған биліктің үш саласы: басқару, сот билігі, заң шығару биліктерінің атқаратын рөлдері бұл Конституцияда нақтыланбай қалды. Осылайша, 1993 жылғы Конституция өмір талабына сай

келмегендіктен, Президент Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Конституция қабылдау керектігі жөнінде ұсыныс жасады.

Еліміздің конституциялық дамуының төртінші кезеңі 1995 жылғы қазіргі уақыттағы қолданыстағы Конституцияның қабылдауымен басталды. Бұл Конституция КСРО-ның және Қазақ КСР-нің конституцияларына сілтемесіз жасалғандығын айта кету керек. Тек мұнда Конституцияның күшіне енген сәтте күшін жоймаған заңдар оған қарама-қайшы келмеген бөлігінде қолданылады делінген еді. Ал оны Конституцияға сәйкестендіру заң шығарушы органның міндеті болып қала берді. 1995 жылғы Конституция бойынша елімізде Президенттік басқару жүйесі енгізілді. Енді Президент билік тармақтарының қатарына кірмейтін болды. Екі палаталы Парламент бекітілді. Конституциялық сот Конституциялық Кеңеске өзгертілді.

98 баптың 55-і елеулі өзгерістерге ұшырап, бұрын болмаған жаңа бөлімдер, баптар пайда болды. Яғни, барша қазақстандықтардың белсенділігінің арқасында жаңа Ата заң өмірге келді. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданды. Оған сайлаушылардың 90,51% қатысып, олардың 89%-ы Конституцияны жақтап дауыс берді. Нәтижесінде мемлекетіміздің Негізгі Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең әуелі жалпы ережелерден басталады. Бұдан бөлек, адам және азамат, президент, парламент, үкіметке арнайы тоқталады. Конституциялық кеңес, соттар және сот төрелігі жөнінде арнайы бөлімдерде қарастырылған. Еліміздің жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқаруға қатысты арнайы бөлімдер бар.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласында «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті.» - десе, Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Жолдауында Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді – деген болатын.

Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні деп жарияланады.

Тәуелсіздіктің жарқын жолына түскен біздің еліміз әр жыл сайын тамыз айының соңында мемлекеттік мәртебесі зор, айтулы мереке – Конституция күнін атап өтеді. Осы күн қазақстандықтардың санасында ерекше орын алып, шынайы мереке болып танылған. Әсіресе, Кеңестер Одағы ыдырап, ол келмес тарихқа кеткен соң Қазақстан саяси-экономикалық құрылымы, ұлттық ұстанымы жағынан да елеулі өзгерістерді бастан кешіп, мүлдем жаңа мемлекетке айналғаны баршаға мәлім.

Еліміздің өткенгі және бүгінгі даму барысына көз жіберген адам Елбасымыздың бұл тұжырымдарының өте байсалды, ғылыми негізі бар екеніне көз жеткізеді. Өйткені, жаңа мемлекетті құрудың эволюциялық жолын таңдауымыз керек болды. Неге өзгерістер көп, неге қажетті құқықтық нормаларды бірден жазып көрсете салмадық, мұндай реформа жасау еліміздің саяси өміріндегі қандай қажеттіліктерге негізделіп жасалды деген сұрақтардың болуы табиғи нәрсе. Мұндай сұрақтарға нақтылы жауап табу үшін Қазақстан мемлекетінің қалыптасу, даму барысындағы тарихымызға тереңірек үңіліп қарасақ, тәуелсіздік алып, өркениеттің сара жолына түскелі көп уақыт бола қойған жоқ. Бірақ осы уақыттың ішінде біз Қазақстанды табиғи байлығы мол, өзіндік даму жолын таңдаған мемлекет екенін әлемдік өркениетке танытып қана қоймай, оның беделінің жылдан-жылға артып келе жатқанын байқап отырмыз. Ал өркениеттің мұндай сатысына жету ата-бабамыздың тарихи өмірінде бұрын-соңды болмаған жаңа кезең, жаңа қоғам деуге толық негіз бар.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж. 30 тамыз, өзгертулер мен толықтырулармен бірге 7 қазан 1998 жылғы, 21 мамыр 2007 жыл, 2011 жыл 2 ақпандағы ҚР Конституциясы 30.08.95ж 10.03.2017ж №254.

2. Интернет ресурс http://www.inform.kz/kz/konstituciyanyn-mani-men-manyzy_a2785605

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1993ж. 28 қаңтар

4. 25 қазан 1990 жылғы "Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы".

Civil law

Ахтышхан Е. аға оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қазақстан

